

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«МӘШҮР ЖҮСІП АТЫНДАҒЫ №57 ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ**

« 3 » 09 2022 жыл

№ 303/1

Астана қаласы

**Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы мәдениетті
қалыптастыру туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 12-бабына сәйкес және Астана қаласы Білім басқармасының 05.03.2025 жылғы №07-04-30/389 хаты негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп қызметкерлері арасында ата-аналардан, жеткізушілерден және басқа да тұлғалардан сыйлықтар алуға (занды өкілдерден) қатаң тыйым салынсын.

2. Қызметтен тыс уақытта, әсіресе жолдас-жоралардың, туған-туыстардың арасында мерекелік іс-шаралар қоғамдық орындарды өткізілген кезде, әр қызметкердің жеке басы тәртіп нормалары, осы іс-шаралардан сурет, бейнетүсірілімдерді әлеуметтік желілердегі жеке аккаунттарға орналастырылған кезде мінез-құлық нормалары сақталсын.

3. Мектеп ішінде сыйлықтар алу фактілері расталған жағдайда мектеп әкімшілігіне тәртіптік жаза қолданылсын.

4. Педагогикалық ұжым мен ата-аналар комитетінің мүшелері арасында сыйлықтар алуға тыйым салу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау әдеп кеңес төрайымы

А.А.Менлибековаға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



Г.Н.Сундетов

Бұйрықпен таныстым:

А. А.Менлибекова

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«МӘШҮР ЖҮСІП АТЫНДАҒЫ №57 ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ

« 3 » 09 2022 жыл

№ 303

Астана қаласы

**Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы мәдениетті
қалыптастыру туралы кеңес
төрағасының лауазымдық
нұсқаулығын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 – V ҚРЗ бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы кеңес төрайымы А.А.Менлибековаға лауазымдық нұсқаулық бойынша

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Әділет министрлігінің, Әдеп кодексінің талаптарын басшылыққа ала отырып, ішкі түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.
2. Мектеп ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтап, оларды жоюға бағытталған ұсыныстар енгізілсін.
3. Педагогтердің Әдеп кодексін сақтауын бақылау және түсіндіру жұмыстарын жүргізілсін.
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында педагогикалық ұжыммен кездесулер, семинарлар, жиналыстар өткізілсін.
5. Мектептің ішкі ақпараттық бұрышында сыбайлас жемқорлыққа қарсы материалдарды (жадынама, QR-сілтемелер) жаңартып отыру.
6. Құқық бұзушылық сипатындағы даулы жағдайларды қарау үшін Әдеп кеңесінің отырыстарын шақыру және хаттамалық түрде рәсімделсін..
7. Мектеп директоры мен тиісті органдарға сыбайлас жемқорлық белгілері байқалған жағдайлар туралы қатаң ескертілсін..
8. Жылдық есеп жасап, атқарылған жұмыс бойынша есеп тапсырылсын..

3. Құқықтары

1. Педагогтер мен мектеп қызметкерлерінен түсініктеме талап етуге;
2. Мекемеде бақылау мен ішкі тексеріс жүргізуге;

3. Құжаттар мен ақпараттық материалдарға қол жеткізуге;
4. Құзырлы органдармен өзара әрекет жасауға;
5. Өз өкілеттігі шеңберінде ұжым мүшелеріне ұсыныс пен ескерту беруге.

4. Жауапкершілігі

- Әдеп нормаларын түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастыру міндеттерін тиісті деңгейде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

5. Есептілік тәртібі

- Әр тоқсан немесе оқу жылының соңында мектеп басшысына жазбаша есеп тапсырады.
- Әдеп кеңесінің жұмысы хаттамамен рәсімделіп, мектептің құжаттама қорында сақталады.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы кеңес төрағасы А.А.Менлибековаға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Г.Н.Сундетов

Бұйрықпен таныстым:

А. А.Менлибекова

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«МӘШҮР ЖҮСІП АТЫНДАҒЫ №57 ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

БҰЙРЫҚ

«3» 09 2022 жыл

№236/1

Астана қаласы

**Заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-нің 2024 жылғы 05 сәуірдегі №195 бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Ата – аналардан (заңды өкілдерден) сынып тазалығын сақтауға және жөндеу жұмыстарына, жиһаз, құрал – жабдықтар сатып алуға, педагогикалық ұжымға сыйлық алуға, мекеменің аттестациясын өткізуге, мерекелік іс – шараларға және басқа да мақсаттарға мәжбүрлеп ақша қаражаттарын жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын.
2. Педагогикалық ұжым және ата – аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
3. Ата – аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілерге және мұғалімдерге қатаң шара қолданылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуы жөніндегі жауапкершілік әдеп кеңес төрайымы А.А.Менлибековаға жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Ғ.Н.Сүндетов

Бұйрықпен таныстым:
А.А.Менлибекова